

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ



УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ

ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

161200, Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше, 16
ғимарат. тел.: 8 (72533) 5-94-10, 8/700/205-94-10, ММ коды 1203501;
БИК КЗМФКЗ2А, ИИК KZ42070102KSN5801000, БИН 160240017052
Түркістан облысы бойынша, ҚР ҚМ "қазынашылық департаменті" ММ

161200, город Туркестан, микрорайон Жаңа қала, улица 32, здание 16.
тел.: 8 (72533) 5-94-10, факс: 8/700/205-94-10, код ГУ 1203501;
БИК КЗМФКЗ2А, ИИК KZ42070102KSN5801000, БИН 160240017052
ГУ "Департамент казначейства" по Туркестанской области КК МФ РК

№ _____

ИСХОДЯЩИЙ ДОКУМЕНТ № 25/4540 ОТ 09.08.2024

Аудандық, қалалық білім
бөлімдерінің басшыларына

Облыстық білім беруді дамыту
орталығы басшысы
Б.Төлімбетке

Я. Ашимоват
дир. Дар. 09.09.2024


Түркістан облысының білім басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 12 шілдедегі №2-20-6/4735-И хатына сәйкес, «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі міндетін атқарушының 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34720 болып тіркелген) жұмыс барысында басшылыққа алу үшін жолдайды.

Қосымша: 6 бет.

Басшының м.а.

Ж.Маханбетов

Р.Жылқайдар, ☎ 8 (771)219-17-97





БҰЙРЫҚ

2024 жылғы 10 шілдедегі

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 174

город Астана

Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 3-тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2024 жылғы 1 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 9 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 13 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі/орыс тілі және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 5 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 3 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 12 маусым;

5) өзбек/ұйғыр/тәжік/орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 13 маусым.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
міндетін атқарушы**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 11.07.2024
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 34720 болып енгізілді

Результаты согласования

Министерство просвещения РК - Директор Гульден Бериковна Акитаева, 26.06.2024 18:40:53, положительный результат проверки ЭЦП

Министерство юстиции РК - Вице-министр юстиции Республики Казахстан Ботагоз Шаймардановна Жакселекова, 05.07.2024 21:32:17, положительный результат проверки ЭЦП

Результаты подписания

ҚР Оқу-ағарту министрлігі - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы Е. Оспан, 09.07.2024 19:09:58, положительный результат проверки ЭЦП

**Түркістан облысының білім басқармасының
«Мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернат»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Кентау қаласы

БҰЙРЫҚ № 80 Н/Қ «02» қыркүйек 2024 жыл

**2024-2025 оқу жылының
басталуын, ұзақтығын және
каникул кезеңдерін айқындау
туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығы және Түркістан облысының білім басқармасының 09.08.2024 жылғы № 25/4540 хатына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. «2024-2025 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

2024жылғы 1 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамырды қоса алғанда
7-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және
демалыстардың ұзақтығы:

I - тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс- күнтізбелік 7 күн
(2024жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

II- тоқсан -8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

III- тоқсан 10 оқу аптасы, көктемдегі демалыс –күнтізбелік 11 күн
(2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);

IV –тоқсан – 8 оқу аптасы

2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау оқу- тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Я.Х.Алимоваға жүктелсін.

Мектеп – интернат директоры



Н.Е.Бадырова

Түркістан облысының білім басқармасының
«Мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернат» КММ

Кентау қаласы

БҰЙРЫҚ № 13 Н/Қ

2025 жылғы 31 қаңтар

**2024-2025 оқу жылында
білім алушыларға қорытынды
аттестаттауды ұйымдастыру жөнінде
комиссия құру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы, бекітілген орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларының орындау және Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 96 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылында 9,11 сынып бітірушілердің қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстарын жүргізу мақсатында төмендегі құрамда комиссия мүшелері құрылсын:

Н.Е. Бадырова – мектеп-интернат директоры, комиссия төрайымы.

Комиссия мүшелері:

- 1.Алимова Я.Х.- директордың оқу -тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
- 2.Алагужаева Х.Ш- математика пәні мұғалімі
- 3.Шеренова А.К- қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
- 4.Жаксылыкова К.Н.– орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
- 5.Зайниддинов М.Ш - физика пәні мұғалімі
- 6.Тайшикова С.Т – биология пәні мұғалімі
- 7.Жузембеков К.Д- география пәні мұғалімі
- 8.Абдуллаев Ж.А.-математика пәні мұғалімі
- 9.Такенова А.С- қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
- 10.Бакбергенова П.К - тарих пәні мұғалімі
11. Пазтаева Р.С.– ата-аналар комитетінің мүшесі

2.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды оқу-тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Я.Х.Алимоваға жүктелсін.

«Дарын» мектеп-интернат
директоры



Бадыр

Н.Е.Бадырова

Бұйрықпен таныстық:

Алимова Я.Х. *Я.Х. Алимова*

Алагужаева Х.Ш *Х.Ш. Алагужаева*

Шеренова А.К *А.К. Шеренова*

Жаксылыкова К.Н. *К.Н. Жаксылыкова*

Зайниддинов М.Ш *М.Ш. Зайниддинов*

Тайшикова С.Т *С.Т. Тайшикова*

Жузембеков К.Д *К.Д. Жузембеков*

Абдуллаев Ж.А. *Ж.А. Абдуллаев*

Такенова А.С *А.С. Такенова*

Бакбергенова П.К *П.К. Бакбергенова*

Түркістан облысының білім басқармасының
«Мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернат» КММ

Кентау қаласы

БҰЙРЫҚ 58

«05».05.2025 жыл

**2024 -2025 оқу жылын аяқтау және орта
білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдеріне өзгерістер енгізу туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі « Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» №174 бұйрығы, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылы 24 сәуірдегі №82 бұйрығын орындау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2024-2025 оқу жылының мынадай мерзімдері бекітілсін:
оқу сабақтары **2025 жылғы 23 мамырда аяқталсын.**
2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
9 (10) –сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары **-2025 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;**
11(12)- сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары **- 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 16 маусым аралығында.**
- 3.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығының 2-тарау 35 бабына сәйкес (Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізудің тәртібі) Қазақ тілі бойынша емтихан білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (7-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде қазақ тілінде оқытатын мектептерде "Қазақ тілі" пәні бойынша және орыс тілінде оқытатын мектептерде "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша **2025 жылдың 26.05 – 27.05.аралығында өткізілсін.**

4. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)- сынып оқушылары үшін :

1) математика(алгебра)бойынша жазбаша емтихан -2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ/орыс тілінде (оқыту тілі) бойынша эссе жазбаша емтихан-
2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын тілі), информатика) -2025 жылғы 5 маусым;

4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан - 2025 жылғы 10 маусым;

11 (12)- сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан -2025 жылғы 30 мамыр

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан - 2025 жылғы 4 маусым;

3) қазақ тілі /орыс тілінде (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан 2025 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет, шет тілі (ағылшын тілі), информатика - 2025 жылғы 12 маусым.

5) орыс тілдерінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан -2025 жылғы 16 маусым

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Алимова Яйра Хашимовнаға жүктелсін.

«Дарын» мектеп-интернат
директоры



Н.Е. Бадырова

Бұйрықпен таныстым:

Алимова Я.Х.